

**"Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері
" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 151
бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің 2026 жылғы 21 мамырдағы № 328 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 25 мамырдағы № 337
бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 151 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 21 мамырдағы № 328 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және ресми жариялануға жатады.";

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік процесс әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында оның орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

М. Такиев